

# ДЕРІБСАЛЫ БАТЫРҒА

## ас беріледі



*Айдабол баласы Дерібсалы батырға 2013 жылғы 10 тамызда ас беру көзделіп отыр. Тағы бір қуанышты хабар – сол асқа ұрпақтары көптен аңсай да асыға күткен Дебекең бабалары жайындағы кітап «Айдаболұлы Дерібсалы батыр» деген атпен жарық көрмек.*

### Дебекеңнің Көкқасқасының мерт болуы

Әр батырдың жауға мінер сенімді тұлпарының болатыны баршамызға мәлім. Сол тұлпарлардың үстінде отырған иесінің тақымымен берілетін нұсқауын ешбір мүлтіксіз орындап, керек жерде әбден соғыс тәсіліне жете төселіп алған жануар иесінен бұрын сезген қауіп-қатерден бір күнде бірнеше рет иесін аман алып қалып отыратын сәттерін кейде иесі де бірін білсе, бірін біле бермейтіні болады. Айқас аяқталып болған соң өткен күннің әрбір қимылын ой елегінен өткізгенде барып жануарының әрбір іс-әрекеттерінің себептерін есіне ала отырып, кейбір өзіне түсініксіз қимылдарының себептерін білген. Иесіне арнайы жіберілген садақ оғының ысқырған дыбысынан, зуылдап келіп қалғанын көз қиығымен көріп қалған сәттерде есебін тауып, сол қауіптен иесін аман қалдырып отыратын сәттері аз болмаған. Дебекең:

- Көкқасқаммен жауға шапқанымда болсын, жекпе-жекте болсын - тақымым сүйсініп отырады, жарықтық, жануарым сөйлеу білмейді демесең, менің әрбір әрекетімді қандай мақсатпен, не оймен істерімді сезіп отыратын және кейде басы басталған ойымды өзі жалғастырып кетердей ыңғай танытып отыратын,- деп Көкқасқа жайын көңілі түскенде өңгіме етіп айтатын. дейді, үзеңгілес достары.

Сол күнгі шайқас ерекше болады. Қалмақтар құтырып, әрқилы қитұрқы әрекеттермен, бұрын-соңды болмаған айла-тәсіл қолданып шабуылдарын үстін-үстін үдетіп жан шақ келтірмейді. Сондағы ойлары - қайткенде Дебекеңнің басын алу екен. Аңдыған жау алмай қоймас дегендей, қанша сақтанғанымен Көкқасқаның сағағына қалмақтың садағының оғы қадалады. Оған қарап тұрар мұрша жоқ, Дебекең садақтың оғын қылышымен шауып тастап, ұрысты жалғастыра береді. Бір мезгілде батырдың

атының шайқала бастағанын байқаған қалмақтар шабуылды одан ары үдетіп, Дебекеңді Шәндігеннен бөліп, қаша соғысқан болып, қыр асырып әкетеді. Шәндіген батыр бір жағы бауыры, бір жағы Дебекеңнің оққағары есебінде, қандай да болсын, соғыста ағасын көзінен таса етпейді екен. Айқастың ырқымен Дебекеңнің қыр асып кеткенін байқамай қалады. Бас көтертер сәтте байқаса, Дебекең көрінбейді. Елу шақты қолымен қырдан асып келсе, Дебекеңнің Көкқасқасы теңселіп, төрт аяқтап қоршаған қалмақтардың ортасында енді болмаса құлауға шамалы қалып, ерең жүр екен. Шәндіген уақытында жетіп, Дебекеңді аман-есен құтқарып қалады. Содан Дебекең Ардақарасына ауысып мінеді. Ардақарасы қартайып, алжығанша тақымынан шығармайды.

Көкқасқасын Дебекең есіне алып:

-Жарықтығым, сол жолы өмірі жасамаған қылықтар жасап, адам сияқты көзіме тіке қарап, еркелегендей тұмсығымен түртіп, істемеген істер істеп, жер тарпып, тұмсығын жоғары көтеріп, кеудесін толтыра ауа жұтып, мінген соң алдыға жұлқи тартып, біреуде кегі кеткендей аласұрып, ойнақтай басып, бір ерекше сезімде болды. Не болғанын білмей, таң болдым. Айқаста да алабұртып, кең далаға сыймайтындай қатты бір толқуда болып еді. Бір мезгілде ретсіз кідіріп барып, алға ұмтылды, сол сәтте іркілмесе, оның сағағына қадалған оқ менің қара саныма қадалмақ екен. Жарықтық, оны біліп істеді ме, әлде Аплаһ Тағаланың мені ажал не бейнеттен қағуы ма, білмедім, Ақыры сол оқтан Көкқасқам ажал тапты. Ертоқымын сыпырып алған соң құлап түсіп, тұяқ серіппестен өліп кетті. Сөйтсем, таңертеңнен жасаған қылықтары бұл өмірмен қоштасқаны екен ғой. Жау қолында қалдырмай, қандай да болған қырғыннан аман алып шыққан, қанша жекпе-жекте екеулеп, сан дұшпанның басын алған жануарым еді деп мұңайып батыр көзіне жас алғанын сездірмей, теріс айналып кететін - дейді үзеңгілестері.

### Батыр-дастан (үзінді)

Көрнейден шыққан батыр Балтаменен,  
Дос - сыйлас болған Дербі - арқалы ерен.  
Оқ бойы алда жүріп нөкерлерден,  
Жаһаннан жауын іздеп жорта берген.

Көрінді қалмақ қолы бір асудан,  
Сарбаздар салды ойранды қаны ашынған.  
Домалап жатты жерде талай бастар,  
Тынымсыз Дербі, Балта аласұрған.

Қалмақтар тастап қашты, малды жанды,  
Шаңдатып атойлатып сар даланы.  
Сарбаздар салтанатпен тұрды өктем,  
-Қорғаны -  
-Елі.  
-Жері.  
-Жар-Баланың.

Дерібсал шөгіп жатқан нарды көріп,  
Ашуға алабұртқан берді де ерік.  
«Жаудың малын аяма, өлсе менің қаяма...»,  
Қылышпен бел ортадан перді келіп.

Қалмаққа қара қаны қайнағанда,  
Оғындар обал-сауап ойлаған ба?  
Қара нар қақ бөлінді тұра бере,  
Балта кеп жануарды айдағанда.

Өлеңмен өрнектеген  
ақын Б.АМАНЖОЛОВ.

Қордың есеп шоты:

Даиров Берик Ермекович  
ИИН 520709350217

Шот нөмірі (номер счета) Number of  
account:

K21078009R0506064906

БАНК ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ /РЕКВИЗИТЫ

БАНКА/ BANK Z details:

ФИЛИАЛ АО «ТЕМІРБАНК» в г. Караганде  
BIC JSRBKZKA

БИН БАНКА 991141000441

P/C K2837800900673131014

Қажетті анықтама алу үшін мына

телефондарға хабарласыңыздар.

Сот. 8-701-615-07-03; 8-701-259-21-17;

8-775-339-93-50.

(8-710-31) 50-809; 21-5-24.

Мұса қажы ӘРІНҰЛЫ.

ҚАРАҒАНДЫ қаласы.